# Мамандығым – мақтанышым

# Жіктік жалғау

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мен** студентпін | **-пын/ -пін**<br>**- мын/ -мін**<br>**-бын/ -бін** | **Біз** студентпіз | **-пыз/ -піз**<br>**- мыз/ -міз**<br>**- быз/ -біз** |
| **Сен** студентсің | **-сың/ -сің** | **Сендер** студентсіңдер | **-сыңдар/**<br>**-сіңдер** |
| **Сіз** студентсіз | **-сыз/ -сіз** | **Сіздер** студентсіздер | **-сыздар/**<br>**-сіздер** |
| **Ол** студент | **---** | **Олар** студенттер | **---** |

# Оқыңыз

Мен инженермін. Менің әкем дәрігер. Шешем мұғалім. Менің досым журналист. Сен бағдарламашысың ба? Сіз заңгерсіз бе? Біз байланысшымыз.

# Керекті жалғауды қойыңыз

Мен дәрігер..., кәсіпкер...., сәулетші...., Сен аспаз...., хатшы..., Біз банкир..., студент..., ұшқыш..., Менің әкем заңгер..., есепші..., менеджер..., Сендер саясатшы..., аудитор..., маркетолог ..., Сіздер жаттықтырушы...., оқытушы..., спортшы..., Олар күзетші..., жүргізуші..., саяхатшы... .

# Есте сақтаңыз!

***- Сіз аудармашысыз ба?***
***- Иә, аудармашымын.***
***- Жоқ, аудармашы емеспін, оқытушымын.***

# Диалогтағы сөйлемдерді аяқтаңыз

- Сіз дәрігер... бе?
- Иә, мен дәрігер... .

- Сіздер сатушы... ба?
- Иә, біз сатушы... .

- Сіздің ағаңыз инженер... ме?
- Иә, ол инженер... .

-Сен журналист... бе?
-Жоқ, журналист емес..., жүргізуші... .

- Сендер сәулетші... ме?
- Жоқ, біз сәулетшілер емес..., суретшілер... .

- Сендердің әпкелерің экономист..0. пе?
- Жоқ, олар экономист емес..., темір жолшы... .

# Өтініш

Өтініш – заявление.

Өтінемін – прошу

Тіркелген – прилагается

Отбасы жағдайына байланысты – в связи с семейным положением (по семейным обстоятельствам)

Денсаулық жағдайына байланысты – по состоянию здоровья

Растауыңызды сұраймыз – просим подтвердить

Салып жіберуіңізді сұраймыз – просим выслать

Қабылдауыңызды сұраймын – прошу принять

Босатуыңызды сұраймын – прошу освободить

Тапсыруыңызды сұраймын – прошу поручить

Рәсімдеуіңізді сұраймын – прошу оформить

Бекітуіңізді сұраймын – прошу утвердить

Рұқсат етуіңізді сұраймын – прошу разрешить

Сұраймын – прошу

Тұратын – проживающий

Өтінеміз – просим

# Өтініш, негізінен, мынандай жағдайларда жазылады:

- оқуға түскен кезінде;
- басқа оқу орнына ауысқанда;
- бір факультеттен басқа факультетке ауысқанда;
- жұмысқа қабылдау кезінде;
- басқа жұмысқа ауысқанда;
- жұмыстан босату кезінде;
- кезекті демалыс сұрау кезінде;
- кезектен тыс демалыс сұрағанда;
- материалдық көмек сұрағанда;
- денсаулығына байланысты академиялық демалыс алғанда т.б.

# Құрылымы

1. Кімге жазылғаны (мекеменің толық атауы, лауазымы, аты-жөні, дәрежесі / атағы).
2. Кімнің жазғаны: (мекенжайы, қызметі, лауазымы, аты-жөні).
3. Құжат атауы (өтініш).
4. Негізгі мәтін.
5. Жазылған мерзімі.
6. Өтініш иесінің қолы.

## Есте сақтаңыз!

**Кімге: (Барыс септік ға/ге; қа/ке)**

- А.К. Айдароваға
- «Адал» АҚ-ның басшысы А.Темірбековке
- «Қайнар» университетінің ректоры А.Қарабаеваға
- Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д. Г.С. Құрманбайға
- Қаржы-экономика факультетінің деканы Ә.М. Вильмурға

**Кімнен:(дан/ден; тан/тен; нан/нен)**

Оқытушы Н.Досановтан

Тіркеу бөлімінің басшысы К.Омаровадан

Орыс тілі пәнінің оқытушысы А.Б. Тұмановадан

ҚБТУ ректоры,
Е.Қ.
Бейсембетов мырзаға
ханымға

Ақпараттық технологиялар
факультетінің, 2 курс студенті
Д. Досымжановадан

**Өтініш**

Сізден денсаулығыма байланысты 01.11.2021 жылдан академиялық демалысқа жіберуіңізді сұраймын.

Анықтама қосымшада тіркелген.

01.11.2021ж. (Қолы)

ҚБТУ ректоры,
Е.Қ.
Бейсембетов мырзаға
ханымға

Ақпараттық технологиялар
факультетінің, 2 курс студенті
Д. Досымжановадан

**Өтініш**

Сізден денсаулығыма байланысты 01.11.2021 жылдан академиялық демалысқа жіберуіңізді сұраймын.

Анықтама қосымшада тіркелген.

01.11.2021ж. (Қолы)

ҚБТУ ректоры,
Е.Қ.
Бейсембетов мырзаға
ханымға

Ақпараттық технологиялар
факультетінің, 2 курс студенті
Д. Досымжановадан

**Өтініш**

Сізден денсаулығыма байланысты 01.11.2021 жылдан академиялық демалысқа жіберуіңізді сұраймын.

Анықтама қосымшада тіркелген.

01.11.2021ж. (Қолы)

# Жұптық жұмыс

1. Бір-бірлеріңізбен танысып, мамандықтарыңызды сұраңыздар.
2. Өзіңіздің отбасыңыз туралы, ондағы адамдардың мамандықтары туралы айтыңыз және жазыңыз.
3. Досыңыздың отбасында кімдер бар, олар кімдер, сұраңыз.

Мамандығыңызға байланысты сұхбат құрыңыздар.

# Мәтінді оқыңыз, аударыңыз

а) Танысайық. Менің атым Еркін. Мен жиырма бір жастамын. Мен Семейденмін. Менің отбасымда бес адам бар. Олар әкем, шешем, әпкем, інім және өзім. Әке-шешем орта жаста. Әкем елу жаста. Оның аты Абзал. Ол дәрігер. Шешемнің аты Сәлима. Ол қырық сегіз жаста. Ол жақсы мамандықтың иесі. Оның мамандығы тәрбиеші. Әпкемнің аты Ұлжан. Оның жасы жиырма үште. Ұлжан-тарихшы. Інімнің аты Ержан.Ол әлі кішкентай. Ол он төртте. Ержан-оқушы.

# Мәтінді оқыңыз, аударыңыз

ә) Танысайық. Менің атым Жеңісбек. Мен жиырма тоғыз жастамын. Мен инженермін. Мен Ақтөбеденмін. Менің әйелім, бір ұлым, бір қызым бар. Әйелімнің аты Құралай. Біз құрдаспыз. Ол өте әдемі әйел. Ол Өскеменнен. Ол-оқытушы. Ұлымның аты Алдияр. Ол бес жаста. Қызымның аты Жанерке. Оның жасы үште.